«8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кембаева Айнур Тураровнаның «Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені (Ш. Мұртаза шығармашылығы бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент филология ғылымдарының докторы, профессор Исакова Сабира Сагынбековнаның

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/с №	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Кембаева Айнур Тураровнаның «Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені (Ш. Мұртаза шығармашылығы бойынша)» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысында Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 31 желтоқсаны, №1045 бекітілген. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы басшылыққа алынған. Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және еліміздегі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі жағынан талаптарға жауап береді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама	Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына, соның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бойынша «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» бағытына

		аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	(2.5 Лингвистика) сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымның дамуына елеулі үлес қосады. Зерттеу жұмысы Шерхан Мұртазаның тілдік тұлға феноменінің ерекшеліктерін көп дискурстық тұрғыдан зерттеуге және жазушының тілдік тұлғасының ұлттық-мәдени сипатын айқындап, дискурстық құрылымын когнитивтік-лингвистикалық аспектіде сипаттауға арналған. Зерттеу барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері – көп дискурсты тілдік тұлғаны қалыптастырған мәдени-әлеуметтік және шығармашылық факторлардың айқындалуы; Ш. Мұртазаның тілдік кеңістігі және дискурс қабаттарының нақтылануы; сөз зергерінің шығармаларындағы ұлттық-мәдени концептосфераның анықталуы; Ш. Мұртаза көп дискурсты тілдік тұлғасының идиостилінің талдануы; жазушы дискурсының лингвопрагматикалық және аксиологиялық ерекшеліктерінің сипатталуы; тілдік тұлға ұстанымдарының идиологема деңгейінде сипатталуы тіл білімінің дискурс-талдау, когнитивті лингвистика, лингвоперсонология, дискурсология негіздері және басқа да сабақтас ғылым салаларының дамуына елеулі үлесін қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Автордың зерттеуге қажетті маңызды мәселесі ғылыми тұрғыдан айқындалған, тілдік мәселелерді шешудегі әдіс-тәсілдері дұрыс таңдалған. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі болып табылады. Зерттеудегі тұжырымдар мен нәтижелер ізденушінің өзіндік ғылыми пікірімен қорытылған. Зерттеу

			жұмысы толық аяқталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілік негіздемесі қазіргі таңда тіл білімінде сөйлеу әрекетіндегі адам факторын жан-жақты зерттеу және талдаудың алға шығуымен; зерттеушілердің дискурстық әрекет, дискурстық тәжірибеге ерекше қызығушылық танытуымен; Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасы бойынша іргелі лингвистикалық зерттеулердің болмауымен; Шерхан Мұртаза тұлғасының этномәдени маңызының жоғары болуымен анықталады. Сонымен қатар, алғаш рет Ш. Мұртазаның қоғамдық-саяси қызметіне сүйене отырып, оның қалыптасуының экстралингвистикалық факторы ретінде жазушының тілдік тұлғасының көп дискурсты сипаты, жазушының дискурстық тәжірибелерін кешенді талдау негізінде дискурстардың негізгі түрлерінің ажыратылуы ғылыми-теориялық, әдіснамалық тұрғыдан толықтай негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған. Зерттеу жұмысында көзделген мақсат-міндеттерге байланысты материалдар үш тарауға бөлініп берілген. Бірінші тарауда «Тілдік тұлға» феномені және оның когнитивтік-прагматикалық сипаты, дискурс – тілдік тұлғаның ойлау және сөйлеу әрекетінің көрінісі, көп дискурсты тілдік тұлғаны қалыптастырған мәдени-әлеуметтік факторлар жайы ғылыми-теориялық тұрғыдан айқындалған. Жұмыстың екінші тарауы да диссертация тақырыбының мазмұнына сәйкес жазылған. Ш. Мұртазаның тілдік кеңістігі және дискурс қабаттары, ұлттық-мәдени концептосфера және ментальді құрылымдар, Ш. Мұртаза көп дискурсты тілдік тұлғасының идиостилі арнайы қарастырылған. Диссертация жұмысының үшінші бөлімі Ш. Мұртазаның публицистикалық дискурсындағы лингвопрагмемалар мен тілдік стратегияларды, дискурстағы аксиологиялық жүйе және ұлттық құндылықтарды, жазушы идиологемаларындағы азаматтық

			ұстаным және дүниетанымдық бағдарды анықтауға арналған. Диссертация мазмұны тақырыптың атауын толық аша алады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге қол жеткізген. Ұсынылып отырған жұмыста Ш. Мұртазаның тілдік тұлғасын кешенді зерттеу арқылы көп дискурсты тілдік тұлға феноменінің ұлттық-мәдени сипатын айқындап, дискурстық құрылымын когнитивтік-лингвистикалық аспектіде сипаттауды мақсат етіп алған зерттеудің міндеттері айқын, тұжырымдары да нақты, әрі дәл берілген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толықтай өзара байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңында берілген тұжырымдары нақтылай алады. Бөлімдері арасында логикалық байланыс толығымен сақталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автордың қорғауға ұсынып отырған диссертациясындағы қағидаттар мен әдістер, ғылыми шешімдер ізденуші тарапынан сыни талданған, бұрыннан белгілі шешімдермен өзара салыстырылған. Оның сыни көзқарастары «дискурс» және «мәтін» ұғымдарының арасындағы байланыс пен ерекшелікті айқындаудан көрінеді (33 бетте). Ізденуші Т. Рамазановтың дискурсты белгілі бір сөйлеу әрекетінде екі адамның бір сәтте ауызша жүзеге асырған сөйлесімі деп танып, аталған сөйлесім аяқталған соң, дискурс та аяқталады, тоқтайды деген пікірімен келіспейді, өз ойын дәлелдейді (43 бетте). Диссертант тілдік тұлға, дискурстық тілдік тұлға ұғымдарына қатысты пікірлерді сыни талдай отырып, өзіндік тұжырымдар жасайды (47 бетте). Ізденуші зерттеушілер арасында үлкен талас тудырып жүрген дискурстың сипатына байланысты мәселелерге назар аударып, өзіндік көзқарастарын білдіреді (45 бетте). Жұмыста ұсынылған жаңа әдістемелік шешімдер,

			қағидаттар нақты мысалдармен дәлелденген, сыни тұрғыдан салыстырылып, сараланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертанттың зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытынды жұмыстың жаңалық дәрежесін айқындайды. Жұмыста негізделген тұжырымдардың жаңашылдық деңгейі, біріншіден, алғаш рет Ш. Мұртазаның тілдік тұлғасы қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттарының әдіс-тәсілдерін кешенді қолдана отырып талданған, екіншіден ғылыми жұмыста антроөзектік ұстаным негізінде көп дискурсты тілдік тұлға портретінің ғылыми тұжырымдамасы жасалған. Жоғарыда айтылғандарды нақтылай түссек: 1. Шерхан Мұртазаның мұрасын аксиологиялық, когнитивтік, стилистикалық, дискурстық, тілдік тұрғыдан талдау негізінде алғаш рет тұлғасы көп дискурсты тілдік тұлға ретінде алғаш рет сипатталуы жаңа. 2. Ш. Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлғасы алғаш рет вербалды-семантикалық және когнитивтік аспектіде қарастырылып, лингвофилософиялық және прагматикалық қырларының талдануы жаңа. 3. Алғаш рет Ш. Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал еткен мәдени-әлеуметтік және шығармашылық факторлардың айқындалуы жаңа. 4. Шерхан Мұртазаның дискурстары когнитивтік-дискурстық, лингвориторикалық және коммуникативтік-прагматикалық тұрғыдан алғаш рет кешенді түрде талдануы жаңа. 5. Ш. Мұртаза тілдік тұлғасының идиостилі алғаш рет көп дискурсты сипатта қарастырылуы жаңа. 6. Ш. Мұртаза шығармаларындағы ұлттық-мәдени концептосфера және ментальді құрылымдар алғаш рет жүйеленуі жаңа. Сонымен, диссертанттың зерттеу жұмысындағы нәтижелері мен жасаған ұсыныстары толығымен жаңа болып есептеледі.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u>	Диссертант тарапынан жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысы барысында теориялық және практикалық маңызы бар нәтижелер алынған, зерттеу жұмысы бойынша

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Ол қорытындылардың жаңалық деңгейі төмендегідей: Біріншіден, тілдік тұлға феномені ұғымының, Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының көп дискурсты сипатының анықталуы, мәтіннің сыртқы факторлармен байланысты процессуалды, динамикалық нысан ретінде қарастырылуы, Ш. Мұртазаның мұраларында біртұтас жүйеге біріккен жеке дискурстық өрістер арқылы бірнеше өзектен құралған үлгілердің, жазушы дискурсына тән ерекшеліктердің анықталуы толығымен жаңа. Екіншіден, жұмыста тілдік тұлғаның дискурстық тәжірибесінің негізгі индикаторлары ретінде дискурстық доминанттардың, Ш. Мұртазаның тілдік кеңістігіне тән белгілердің анықталуы және талдануы, жазушы идиостилінің көп дискурста қалыптасып, жүзеге асатынының дәлелденуі, Шерхан Мұртазаның көркем дискурсын ерекшеліктері мен лингвориторикалық механизмдерінің анықталуы жаңа болып саналады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және толығымен негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Ізденуші диссертациясында алынған әрбір нәтиже ғылыми тұжырымдарға негізделген, зерттеу жұмысындағы барлық түйінді қорытындылар мен тұжырымдардың барлығы нақты деректерді талдау, тіл білімі ғылымында орныққан теорияларға сүйену, қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан бұрын-соңды айтылған пікірлерді сараптау арқылы олардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген. Қорғауға ұсынылып отырған диссертация бойынша терең және сапалы зерттеу жүргізілген. Өйткені ізденуші теориялық материалдарды толыққанды талдаған, өзіндік сыни көзқарастарын білдірген, соған сәйкес тұжырымдар жасаған және де практикалық материалдарды дұрыс және мақсатқа сай пайдалана білген.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	1. Диссертация негізіндегі ұсынылған әрбір қағидат нақты дәлелдермен ұсынылған. Себебі зерттеушінің ғылыми теориялық мәселелері мен практикалық мәселелері нақты дереккөзден алынған, жаңашылдық деңгейі жоғары, ғылыми базасы қалыптасқан, ғылыми дәйектер мен тілдік материалдарды ұтымды пайдаланып дәлелдей алған, диссертацияның негізгі қағидалары мен қорытындылары қазақ және ағылшын тіліндегі ғылыми конференция материалдары, ғылыми мақалалар түрінде ұсынылған. 2. Тривиалды емес, себебі қағидаттың жаңалығы дәлелденген. 3. Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасын зерттеу және жазушының көп дискурсты сипатын ашу нәтижесінде алынған тұжырымдары мен қорытындылары, дискурстық өрістің бір-бірімен байланысын көрсету ізденістері жаңа. 4. Жазушының тілдік тұлғасының ерекшеліктерін кешенді зерттеу жұмысының қолданылу деңгейі кең, себебі «тілдік тұлға» ұғымы тұлға мен тілді, сөйлеу әрекеттерін зерттеуде негізгі бағдарды көрсетуші болғандықтан тілшілер мен мәдениеттанушылардың, әлеуметтанушылар мен философтардың мүдделері түйісетін, өзара пәнаралық байланысты орнататын бірегей зерттеу нысанына айналды. 5. Зерттеу жұмысының тақырыбына қатысты 22 ғылыми мақала жарияланып, ұсынылған қағидаттары мен оқыту әдістемесінің тиімділігі тәжірибеде және ғылыми мақалаларда дәлелденген. Атап айтқанда, диссертация тақырыбы бойынша ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 7 мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында 12 мақала және шетелдік ғылыми журналда 1 мақала, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда 2 мақала жарияланған, 1 оқу құралы жарыққа шыққан. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалып, қорғауға ұсынылған қағидаттар толық дәлелденген.

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста әдіснама нақты жазылған. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізіне тіл біліміндегі тілдік тұлға, шығарма тілі, көркем мәтін, мәтіннің дискурстық сипаты мәселелеріне қатысты отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері негізге алынған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Диссертант тарапынан жасалған теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар ғылыми зерттеулермен және эмпирикалық зерттеулермен **толық дәлелденген және расталған**: Зерттеу нәтижесінде Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлғасы көркем, публицистикалық, философиялық, саяси дискурстардың тоғысында қалыптасқандығы дәлелденген. Тілдік тұлға идиостилінің ерекшелігі ғалам бейнесін көрсететін баяндау тәсілі мен мәтіннің ішкі құрылымында көрініс тапқаны нақты тілдік материалдармен дәйектелген.
		Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы берілген. Көптеген осы зерттеуге дейін жазылған әлемдік және отандық ғылыми әдебиеттерге шолу жасалған, ғылыми мәліметтер теориялық тұрғыдан сарапталған, алынған материалдарының сенімді екендігі сілтемелермен **расталған**.
		Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертацияда маңызды тұжырымдар мен пайымдаулар өзекті және дәйекті ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, оларды басшылыққа алу негізінде жазылған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті, жалпы саны 240 әдебиетті құрайды. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тақырыпқа қатысты таңдалған, барлық әдебиет

			диссертация мәтінінде көрініс тапқан, статистикалық, электрондық дереккөздерді жеткілікті түрде пайдаланған, сілтемелері берілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңыздылығы жоғары. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен пайымдаулары, зерттеуде әзірленген жалпы теориялық қорытындылар қазақ тіл білімінің тілдік тұлға бағытындағы зерттеулердің теориялық негіздерін нақтылай түсуге үлес қосады. Көп дискурсты тілдік тұлғаны талдаудың теориялық және әдіснамалық негізінің дамуына үлес қосады. Зерттеу нәтижелері «тілдік тұлға», «дискурс», «концептосфера», «когнитивтік модель», «идиостиль» т.с.с. ұғымдардың ұлттық негізде зерделенуіне ықпал етеді. Көп дискурсты тілдік тұлға портретін жасау барысында ұсынылған қағидаттар коммуникация теориясына, дискурсологияның теориялық тұрғыдан толыға түсуіне өз дәрежесінде үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу материалдарының практикалық маңызы мынада: жоғары оқу орындарында лингвоперсонология, когнитивтік лингвистика, когнитивтік-дискурстық талдау теориясы мен практикасы, қазақ әдеби тілінің тарихы, сөз мәдениеті, қазақ публицистикасының дамуы, мәдениетаралық коммуникация, әдебиеттану, журналистика, қазақ терминологиясы, мәтін лингвистикасы, прагмалингвистика, функционалды стилистика пәндерін оқытуда және оқу құралдарын әзірлеуде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертанттың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады. Көп дискурсты тілдік тұлға туралы жаңа пайымдаулар мен шешімдер жасауға мүмкіншілік беретін жаңашылдығымен ерекшеленеді.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, толық аяқталған жұмыс және ғылыми стильді толық ұстанған, құрылым жүйесі

			сақталған, сілтемелерді дұрыс қолдана білген. Зерттеу ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес орындалған. Академиялық жазу сапасы жоғары.
11	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияға ескертулер мен ұсыныстар: 1. Диссертацияда қазақ тілінде аудармалары қалыптасқан параметр (34 бет), модель (60 бет) терминдері орыс тіліндегі нұсқасы қолданылған, аталған терминдер қазақ тілінде өлшем, үлгі деген қолданыстары тұрақтанған. 2. Жұмыста бірқатар техникалық қателер кездеседі: 26 бетте дискурсҙ (дискурс), 34 бетте немес (немесе), 35 бетте дискуртың (дискурстың), 37 бетте айрықшы (айрықша), 42 бетте енеһінін (енетінін). 3. Қорытындыда зерттеудің болашақ бағыт-бағдары айқындалса деген ұсыныс бар. Айтылған ескертпелерді ұсыныс ретінде қабылдауға болады және диссертацияның мазмұнына нұқсан келтірмейді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми		Докторанттың жарияланымдары зерттеу тақырыбына сәйкес келеді және шетелдік және отандық басылымдарда жарық көрген.

	деңгейін зерделейді)		
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы ережеңің 28-тармағына сәйкес)		Қорыта айтқанда, шешіміміз: жоғарыда айтылғандарды тұжырымай отырып, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған **Кембаева Айнур Тураровнаның «Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені (Ш. Мұртаза шығармашылығы бойынша)»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысын ғылыми жаңалығы мол, теориялық және тәжірибелік маңызы бар. «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сәйкес орындалған, академиялық сауаттылығы жоғары, аяқталған жұмыс дей келе. 8D02307 – «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп бағалауға болады.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент,
«К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ
филология ғылымдарының докторы, профессор **С.С. Исакова**

«К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ
ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
09 25